

Негізгі демалыс орындары және туризм

ІШКІ ТУРИЗМ, КІРМЕЛІК ТУРИЗМ.

ІШКІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИСТІК АҒЫМДАР.



Туризм – адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетті орындалатыны


- серуен делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі
- саяхат делінеді.



Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің *оннан бір бөлігін*, халықаралық инвестицияның *11 пайыздан астамын ұстайды*, әлемдік өндірістің әрбір *9-шы жұмыс* орнын туризм қамтамасыз етеді.

Дүниежүзілік туризм ұйымының болжамы бойынша ХХІ ғасырда туристік индустрияның өсуі артады және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттар 1,6 миллиард бірлікті құрайды.





Дүниежүзілік туризм ұйымының белгілеуі бойынша әдетте әлдекім *88.5км* (55 ағылшын милі) қашықтыққа барып, кем дегенде *24 сағат* аялдаса онда ол турист есептеледі.

Туризмнің негізгі түрлері



Ішкі

- Туристердің бір мемлекет ішіндегі қозғалысы;



Кірмелік

- Мемлекеттің аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың осы мемлекет шегінде саяхаттауы;



Мазмұнына қарай туризм классификациясы

Рекреациялық

Медициналық және емдік

Қатерлі туризм

Діни және мәдени
(Танымдық)


Спорттық туризм

Саяхаты мақсатына
байланысты

Медициналық және емдік туризм

Медициналық туризм – бұл азаматтардың сапалы және қолжетімді медициналық көмекті іздеу мақсатында шетелге шығуы. Адамдардың медициналық көмекті өзге елдерде алуына итермелейтін түрлі әлеуметтік-экономикалық себептер бар.





Азия елдері бойынша медициналық туризмде Қытай, Сингапур сияқты елдер көш бастап келеді.

Сингапурға туристтерден келетін қаржылық пайда өте жоғары деңгейде. Сингапурда емделу АҚШ және еуропа емделуден арзан. АҚШ пен Германияда емделуден 40%-ға арзан, 60%-ға Ұлыбританиядан арзан. АҚШ-та 160 мың доллар тұратын ота түрі, Сингапурда 12 мың доллар тұрады.

Сингапур Клиникалары әлемдегі ең үздік клиникалар қатарына кіреді. Клиникалардың негізгі ерекшелігі –сапалы көпсалалы медициналық қызмет көрсетуге тырысады.



Medical Tourism



Емдік туризм - жұмыстан бос уақытта күнделікті әдетті жерінен тыс жерде белсенді физикалық және психологиялық демалыс арқылы ағзаны қалпына келтіру мақсатында белгілі бір уақытқа өз еркімен саяхат жасау. (В.Говорецкий, 1997ж) Емдік туризмнің ең басты түрткілері мынадай: Туристің денсаулық күйінің белгілі бір жерде, белгілі бір маусымда дәрігер айтуы бойынша демалыс өткізуді қажет ету. Демалыстың белсенді сипаты, оның формалары туристің жеке дара қабілетіне лайық болуы қажет.



Карловы Вары, Чехия



Діни және мәдени туризм

Халықаралық туризмнің айрықша түріне *қасиетті діни орындарға* құлшылық ету жатады. Барлық мұсылмандар үшін Сауд Арабиясындағы Мекке мен Мәдине қалаларына қажыға бару қасиетті борыш деп есептеледі. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесі сәулет өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, мұсылмандардың қадір тұтатын нысаны ретінде де кеңінен танымал. Ал христиан дінінің қасиетті жәдігерлері *Иерусалим* қаласында шоғырланған.



ДІНИ
ТУРИЗМ

- діни мерекелерде мешіттерге, шіркеулерге бару
- әулиелі жерлерге бару



Мекке, Сауд Арабиясы



Иерусалим, Израиль

Мәдени немесе танымдық туризм

Туризмнің бұл түрінің негізін әр түрлі бағыттарда білімді арттыруға деген қажеттілікті қанағаттандыру құрайды. Туризмнің бұл түріне экологиялық туризмді де жатқызуға болады. Экологиялық туризм бағдарламасы қорғауға алынған табиғи аймақтарға баруды ұсынады.





Экологиялық туризмнің басты мақсаты: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатынын айта кетуіміз керек.





Қатерлі туризм

Қатерлі туризм — тауға шығу, шыңға шығу, жартасқа жармасу, шөл даланы кесіп өту, жаяу сапарлау, велосипедпен (немесе басқа қатынас құралымен) аралау, көлдің, теңіздің астына сүңгуі секілділер. Онда ерікті түрде тәуекел жасап, қауіп-қатерді жеңу, тұмса табиғаттың ішіне ену арқылы ерік-жігерін шынықтырып, рахат алу.





Спорттық туризм

Туризмнің бұл түрінің негізінде екі түрлі қажеттілік жатыр, осыған байланысты: активті және пассивті түрге бөлінеді.

Активті спорт туризміне спорттың белгілі түрімен айналысу қажеттілігі, ал пассивті туризмге - белгілі бір спорт түріне қызығушылық, яғни сайыстар мен спорт ойындарын көру мақсатында саяхатқа шығу жатады.





Қазіргі туризм - бұл әлемдік экономиканың күлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін оған бара бар шамамен 9 тонна тас көмір, немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. . Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту — ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді болашақ.